

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының көктемгі семестрі
«БВ03101-Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит-тердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
82828 Жастар әлеуметтануы	4	30	30	-	6	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	Міндетті	Проблемалық, практикалық-бағдарланған; дәріс-кеңес беру	Аралас семинар формасы (тесттер, талдау жұмыстары, жобалар)	Жазбаша (оффлайн)		
Дәріскер (лер)	Мамытканов Д.К.					
e-mail:	Darkan999@mail.ru					
Телефоны:	+77772710525					
Ассистент (тер)						
e-mail:						
Телефоны:						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
студенттерді салалық әлеуметтану шеңберінде, ұрпақтар сабақтастығы мәселелері, жастарды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің өзекті мәселелері бойынша жастарды зерттеу үшін қажетті білімді қалыптастыру	ОН 1. қазіргі жастардың негізгі сипаттамаларын анықтау: оның жас шектеулерін, психофизикалық және әлеуметтік даму ерекшеліктерін, жастардың негізгі топтарының әлеуметтік-құрылымдық ерекшеліктерін, олардың ішкі саралануын, қазіргі қазақстандық қоғамдағы жағдайын, жастар саласындағы негізгі проблемаларын анықтау ОН 2.			1.1 жастар мәселелерін зерттеудегі негізгі теориялық және әдістемелік тәсілдерді көрсете алады		
				1.2 тәсілдерді жіктеу және социологиялық зерттеудің пәні мен әдісінің ерекшеліктерін, деректерді талдауды, қолданыстағы теориялық тәсілдерді, деректерді интерпретациялау үшін қажет тұжырымдамалық аппаратты қолдана алады		
	2. жастар социологиясының теориялық тәсілдері мен категориялық аппаратын жастарды социологиялық зерттеу әдістемесін жасауда қолдану			2.1 жастар проблемаларын талдауда социологиялық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін қолдана алады		
				2.2 жастарға арналған теориялық және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерін талдау және түсіндіреді		
		3. жас стратификациясымен байланысты қазақстандық қоғамның заманауи әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін талдау			3.1 шұғыл әлеуметтік мәселелерді анықтау, жастар топтарының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын анықтай алады	

		3.2 белгілі бір әлеуметтік-мәдени жағдайларда жастардың әлеуметтенуінің ерекшеліктерін бағалау, жастардың әлеуметтік бірегейлігін сипаттайды
	4. жастар топтарымен, мемлекеттік жастар саясатымен зерттеу және әлеуметтік-жобалық жұмыстардың ерекшеліктерін бағалау.	4.1 мемлекеттің жастар саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мен нысандарын тұжырымдайды 4.2 стандартты емес жағдайларда ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдерді табу және олар үшін жауапкершілікті алуға дайын болу үшін жастар әлеуметтануының негіздерін қолдана алады
	5. Жастардың проблемалары бойынша жалпыланған қорытындылар мен социологиялық деректерді талдауды ұсыну, қажет болған жағдайда олардың нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар беру	5.1 ғылыми дереккөздерді талдау және жүйелеу, зерттеу мәселесін тұжырымдау, мақсат қою және оған жетудің әдістемелік құралдарын тандайды 5.2 әр түрлі кәметке толмағандар топтарынан ақпарат алу үшін жастар әлеуметтануы пәні бойынша социологиялық зерттеулерді ұйымдастыру
Пререквизиттер	Демография және әлеуметтік статистика Әлеуметтік және экономикалық антропология	
Постреквизиттер	-	
Оқу ресурстары	Оқу әдебиеттері: 1.Омельченко Е. Л. Вместо введения. 25 лет молодежных исследований: глобальные имена — локальные тренды // В кн.: Молодежь в городе: культуры, сцены и солидарности / Сост.: Е. Л. Омельченко; науч. ред.: Е. Л. Омельченко. М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2020. 2.Омельченко Е. Л., Поляков С. И. Концепт культурной сцены как теоретическая перспектива и инструмент анализа городских молодежных сообществ // В кн.: Молодежь в городе: культуры, сцены и солидарности / Сост.: Е. Л. Омельченко; науч. ред.: Е. Л. Омельченко. М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2020. Гл. 2. С. 92-109. Молодежь в городе: культуры, сцены и солидарности / Сост.: Е. Л. Омельченко; науч. ред.: Е. Л. Омельченко. М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2020. 4. Demos, J., & Demos, V. (1969). Adolescence in historical perspective. Journal of Marriage and Family, 31, 632-638. Arnett, J. J. (1999). Adolescent storm and stress, reconsidered. American Psychologist, 54, 317 Қосымша: 1.Россия и Китай: молодёжь XXI века [монография]/ отв. редакторы: М.К. Горшков, Ли Чунлинь, З.Т. Голенкова, П.М. Козырева. —М. Новый хронограф, 2014. — 424 с. 2. Randolph S. Bourne, "Youth," from the Atlantic Monthly, 1912. 3. Gary Schwartz and Don Merten. "The language of adolescence: An anthropological approach to the youth culture." American Journal of Sociology (1967): 453-468. 4. David Matza "Subterranean traditions of youth." The Annals of the American Academy of Political and Social Science 338.1 (1961): 102-118. <u>Ғаламтор ресурстары:</u> 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. http://www.worldvaluessurvey.org	

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа <u>«Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі»</u> тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail +77074291605/Srsp-2019@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы Подключиться к конференции Zoom https://us04web.zoom.us/j/76131121069?pwd=U0QxUENRcTRnenpjL1FTVzJSQU4yUT09 Идентификатор конференции: 761 3112 1069 Код доступа: EwQ5ae_кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.			
БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ				
Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	

				Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	5
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	25
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	10
D+	1,33	55-59		Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100
C	2,0	65-69			
C-	1,67	60-64			
D+	1,33	55-59			
D	1,0	50-54			
FX	0,5	25-49			
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз		

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
Модуль 1 Жастар социологиясы: ғылымның объектісі мен пәнінің ерекшеліктері			
1	Д 1. Әлеуметтанулық білім жүйесіндегі жастар. Жастар социологиясының пәні	2	
	СС 1. Жастар социологиясы- социологиялық білім саласының бірі	2	7
2	Д 2. Жастар: ұғымды тұжырымдау.	2	
	СС 2.Жастарды әлеуметтік зерделеудің айрықшылығы	2	7
3	ДС 3. Батыс социологиясындағы жастар зерттеулерінің қысқаша тарихы	2	
	ПС 3. Батыс социолгиясы ғалымдарының жастарды зерттеу тұжырымдамалары	2	7
	ОБӨЖ 1. БӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.		
4	ДС 4. Отбасы жастардың әлеуметтік бағдарлануындағы құндылық есебінде	2	
	ПС 4. Жастардың қазіргі заманғы әлеуметтік тұжырымдамалары	2	7
	БӨЖ 1. Деректі фильмді көріп, оны жастар концепциясы аясында талдаңыз. Еуропалық интеграцияға қарсы наразылық қозғалыстарына талдау жасаңыз және Еуропадағы жұмыспен қамту жүйесін ашыңыз. (https://www.youtube.com/watch?v=Xb1pcSSmPqY)		22
5	ДС 5. Әлеуметтену және жастар тәрбиесі: әлеуметтік зерделеу проблемалары	2	
	ПС 5. Жастардың әлеуметтенуінің қазіргі заманғы үлгісі	2	7
	ОБӨЖ 2. БӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру.		
6	ДС 6. Жастардың ауытқуы (жеке тұлғаға бағытталған дәріс).	2	
	ПС 6. Жастардың ауытқуы және құқық бұзушылық.	2	7
	БӨЖ 2. Салыстырмалы даму тарихы «Жас болу оңай ма?» Тақырыбындағы очерктер. «Жас болу оңай ма» деректі фильмін қарау. Шығарылған жылы: 1986. Жастар мәселесінің өзектілігі. (Massaget.kz, Zhanar kz. Abai.kz Және т.б. сайттарға жариялау)		22
7	ДС 7. Ұрпақ: ұғымы мен мәні	2	
	ПС 7. Ұрпақтар арасындағы өзара қатынастардың ықтимал түрлерін тұжырымдау	2	7
Модуль 2 Жастар мәселесін жобалаудың практикалық аспектілері			
8	ДС 8. 60-80-ші жж. философиялық және социологиялық әдебиеттегі ұрпақтар проблемасы	2	
	ПС 8. 60-80-ші жж. философиялық және социологиялық әдебиеттегі ұрпақтар проблемасы	2	7
	ОБӨЖ 3. Аралық бақылау орындау бойынша кеңес беру		
АБ 1			100

9	ДС 9. Ұрпақ. Ұрпақтар қақтығысының ғаламдық теориялары.	2	
	ПС 9. Ұрпақтың сұрағы: диалог па, үзіліс пе?	2	7
	ОБӨЖ 4. БӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру.		
10	ДС 10. Жастар іс-әрекетінің субмәдени құрылымдары, (проблемалық дәріс)	2	
	ПС 10. Субмәдениет әлеуметтік шынайылық ретінде. Заманауи жастар көріністері: музыкадан бүлікке дейін.	2	7
	БӨЖ 3. Жастар саясаты еуропалық елдерде қалай жүзеге асырылады. Ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай. (Massaget.kz, Zhanar kz. Abai.kz Және т.б. сайттарға жариялау)		25
11	ДС 11. Жастармен әлеуметтік жұмыс қазіргі және болашақ маман ретінде	2	
	ПС 11. Жастармен әлеуметтік жұмыс қазіргі және болашақ маман ретінде	2	7
12	ДС 12. Жастардың діндарлығы (социологиялық зерттеулердің нәтижелері)	2	
	ПС 12. Күнделікті - діни тәжірибелер	2	7
	ОБӨЖ 5. БӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру.		
13	ДС 13. Жастардың өмірлік мақсаттары мен құндылықты бағдарлары: үрдістер және талдау	2	
	ПС 13. Жастар қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымында	2	7
	БӨЖ 4 «Менің өсу тәжірибем», онда сіз өсу тәжірибесін көрсетесіз. Келесі тармақтарды нұсқаулық ретінде қарастырып жөн: 1)Сізге жас адам ретінде және бүгінгі өміріңізге не әсер етті? 2)Сіз өзіңізді ұрпақтың немесе белгілі бір жастар мәдениетінің бір бөлігі ретінде сезінесіз бе және бұл маңызды ма? 3)Сіздің ересек өмірге өтуіңізге мәртебеңіз, жынысыңыз және/немесе этносыңыз қаншалықты әсер етті? (Massaget.kz, Zhanar kz. Abai.kz Және т.б. сайттарға жариялау)		25
14	ДС 14. Жастардың кәсіптік білім туралы құндылықты түсініктері	2	
	ПС 14. Жастардың өз тағдырларын өздері шешу үдерісінде білімнің бүгінгі рөлі	2	7
15	ДС 15. Мемлекеттің жасар жөніндегі саясаты: негізгі бағыттар мен үрдістер	2	
	ПС 15. Жастар саясатының негізгі бағыттары	2	8
	ОБӨЖ 6. Емтиханға дайындық мәселесі бойынша кеңес беру.		
АБ 2			100

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
(стандартты ауызша / жазбаша нысандар үшін)

Пән: _ Жастар әлеуметтануы __. Форма: __жазбаша____. Платформа: __

№	Критерийі	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1 сұрақ	1 критерийі Қазіргі макросоциологиялық және микросоциологиялық парадигмаларды білу және түсіну	Жауапта сұрақтың жан-жақты ашылуы, әрбір қорытынды мен мәлімдеменің егжей-тегжейлі дәлелі бар және логикалық және дәйекті түрде құрастырылған.	Жауапта мәселенің толық, бірақ толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелі бар және материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік береді.	Жауапта билетте ұсынылған сұрақтар толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдеп, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол беріледі.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу; қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.
	2 критерийі Пәннің теориялық мазмұнын меңгеру және «Жастар әлеуметтануы» пәнінің терминологиялық	Теориялық мазмұны олқылықсыз толық, жүйелі, терең меңгеріледі.	Теориялық мазмұны олқылықтарсыз жалпы игерілді. Студент пәннің негізгі терминдерін	Теориялық мазмұн басым бөлігі игерілді, бірақ олқылықтар айтарлықтай емес. Студент	Теориялық мазмұны жартылай игерілді. Студент пәннің негізгі терминдері бойынша	Теориялық мазмұны игерілмеген. Студент пәннің негізгі шарттарын

	аппаратын дұрыс пайдалану.	Студент сұрақтарға жауап беру кезінде пән терминдерін жақсы меңгергенін және оларды дұрыс пайдаланатынын көрсетті.	жақсы меңгергенін және сұрақтарға жауап беру кезінде оларды дұрыс қолдануын көрсетті.	пәннің негізгі терминдері бойынша білімдерін көрсетті. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбау бар.	білімдерін көрсетті. Олар сұрақтарға жауап беру кезінде қате қолданылған.	білмегендігін көрсетті. Сұрақтарға жауап беруде оларды қолдануда өрескел қателіктер жіберілді
	3 критерийі Курс теориясын және таңдалған әдістеме мен технологияны заманауи әлеуметтану мәселелері бойынша нақты практикалық тапсырмаларға қолдануды біріктіру қабілеті	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін толық емес шешумен қойылған сұраққа толық емес, кейде дәлелді жауап беру; курста ғылыми тілдік нормаларды сауатсыз қолдану.	Материал үзінділермен берілген, логикалық жүйелілік бұзылған, фактілік және мағыналық қателіктер жіберілген, курс бойынша теориялық білім үстірт пайдаланылады.	Тапсырманы шешудің қисынсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; мәселелерді шешу, жалпы тапсырмаларды орындау қабілетсіздігі; нормадан асатын қателер мен олқылықтарға жол беру.	Есептерді шешу үшін білім мен алгоритмдерді қолдану; қорытындылар мен жалпылаулар жасай алмау. Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ	1 критерийі Алған білім мен дағды негізінде тәжірибеге бағытталған тапсырманы орындау	Студент алған білімін іс жүзінде қолдануды көрсетті. Тәжірибелік-бағдарлы тапсырма мүлтіксіз орындалды: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілді, оны шешу барысын түсіндіру егжей-тегжейлі, жүйелі, сауатты, теориялық негіздемесі бар.	білімдерін іс жүзінде қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалды: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілді, оның шешілу барысы егжей-тегжейлі түсіндірілді, бірақ жеткілікті логикалық емес, бөлшектерде окшауланған қателермен, теориялық жұмыста кейбір қиындықтармен аяқталды.	Студент алған білімін іс жүзінде қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалды: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілді, оның шешілу барысы егжей-тегжейлі түсіндірілді, бірақ жеткілікті логикалық емес, бөлшектерде окшауланған қателермен, теориялық жұмыста кейбір қиындықтармен аяқталды. негіздеу	Студент білімін практикада қолданудың төмен деңгейін көрсетті. Практикаға бағытталған тапсырма толық орындалмады: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілген, оның шешілу барысы түсіндірмесі жеткіліксіз толық, сәйкес келмейтін, қателіктермен, теориялық негіздемесі әлсіз, елеулі қиындықтар мен қателермен.	Студент алған білімін іс жүзінде қолдануды көрсетпеді. Практикаға бағытталған тапсырма орындалмады: тапсырманың сұрағына жауап қате берілді, оның шешілу барысы туралы түсініктеме толық емес, сәйкес келмейтін, өрескел қателермен, теориялық негіздемесі жоқ.
	2 критерийі Әлеуметтік мәселелерді ғылыми талдау дағдыларын меңгеру және тәуелсіз құндылық пайымдауларын дамыту	Игерілген материалмен жұмыс істеудің қажетті дағдылары мен практикалық дағдылары қалыптасады. Білім алушы өзінің бағалау пайымдауларын негіздеу және	Игерілген материалмен жұмыс істеудің қажетті дағдылары мен практикалық дағдылары негізінен қалыптасады. Білім алушы ішінара өзінің бағалау пайымдауларын баяндау, дәлелдеу,	Игерілген материалмен жұмыс істеудің қажетті практикалық дағдылары негізінен қалыптасады, бірақ орындалған тапсырмалардың кейбіреулері қателіктерден	Қажетті дағдылар мен жұмыс дағдылары іс жүзінде қалыптаспаған немесе олардың кейбіреулері қалыптасқан. Білім алушы өзінің бағалау пайымдауларын баяндау қабілетін	Қажетті дағдылар мен жұмыс дағдылары қалыптаспаған. Білім алушы өзінің бағалау пайымдауларын баяндау қабілетін көрсетпеді, өз көзқарасын дәлелдемейді және қорғайды

		баяндау, өз көзқарасын дәлелдеу, қорғау қабілетін көрсетті	өз көзқарасын қорғау қабілетін көрсетті	тұрады. Білім алушы өз пайымдауларын айту қабілетін ішінара көрсетті, дәлелдер келтірілмеген.	көрсетті, өз көзқарасын дәлелсіз дәлелдейді	
3 критерийі Таңдалған Өдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, Материалды ұсынуда тұтастай дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін минималды дәлсіздіктерге жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды қолданудағы кейбір кішігірім дәлсіздіктерге, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.	

Декан _____ **Б.Б.Мейрбаев**

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

Академиялық комитетінің төрағасы _____ **Альчимбева А.Б.**

Кафедра меңгерушісі _____ **Г.С.Абдирайымова**

Дәріскер _____ **Д.Қ.Мамытканов**

